



## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Нұра ЖББМ

**Мектепалды даярлық сыныбы**

**Балалардың жасы** 5 жас


**Жоспардың құрылу кезеңі** 11-апта 08 – 12 желтоқсан 2025-2026 оқу жылы

**Адал азамат біртұтас тәрбие Бірлік және ынтымақ айы**

**«Апта дәйексөздері»- «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді»**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.12	Сейсенбі 09.12	Сәрсенбі 10.12	Бейсенбі 11.12	Жұма 12.12
<b>Балаларды қабылдау</b>	<p>Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату</p> <p><b>Адалдық әліппесі</b>  <b>Шындық пен өтірік"</b>  <b>Мақсаты:</b> Шын айту мен жалған сөйлеудің айырмасын үйрету  <b>Барысы:</b>                      – Балалар шеңберде отырады                      – Біреуі кезекпен бір оқиға айтады: шын не өтірік                      – Қалғандары "шын" ба, "өтірік" пе — тауып айтады                      (мысалы: "Мен кеше айға ұштым" – өтірік</p>				
<b>Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<p><b>Өнегелі 15 минут</b>  <b>Міндет беріміз</b>                      – "Қуыршағына тамақ бер", "кітаптарды жина" дегендей ұсақ тапсырмалар баланың өзіне сенімін арттырады.</p>				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<p><b>«Ұлттық ойын - Ұлт қазынасы»</b>  <b>Ойын:</b> «Оюларды құрастыр»  <b>Мақсаты:</b> Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесімділігін үйрету. Танымдық қабілеттерін арттыру. Балалар өз елін, халқын сүйуге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу. Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту. Эстетикалық талғамын ұштау.                      Қолданатын көрнекіліктер: Оюлардың қиылған суреттері                      Ойын шарты: Қазақтың ұлттық әр түрлі оюлармен сәндік білу, оюларды құрастырып аттарын атау.</p>		<p><b>«Ұлттық ойын - Ұлт қазынасы»</b>  <b>Ойын:</b> «Тығылынақ»  <b>Мақсаты:</b> кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту</p> <p>Қажетті заттар:                      Ойын барысы: барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамак арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырылатын топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылаас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір .....(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырылған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырылған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырылған жерін дауыстан айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші</p>		




		жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таштастан бұрын «калаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.			
					
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	<b>Таңғы жаттығу кешені № 7</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі- ҮІӨ)</b>	<p><b>Менің Қазақстаным ҚР гимні</b> «Ұннан жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу</p>	<p>«Төртінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру</p>	<p>Жанылтпаш «Сіз бізді іздемеңіз ана: Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз» Мақсаты: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету</p>	<p>«Табиғат және адам» дидактикалық ойыны Мақсаты: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, коконіс, жеміс, жидек, тұқым, жанғақ</p>	<p>Жанылтпаш «Сіз бізді іздемеңіз ана: Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз» Мақсаты: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету</p>
<b>Кестеге сәйкес ҮІӨ</b>	<b>I - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				
	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> Дыбыстық талдау <b>Міндеті:</b> Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасауға жаттықтыру <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буында бөледі. <b>Түсінеді:</b> буындардың дыбыстардан тұратын түсінеді. <b>Қолданады:</b> дыбыстарды ажыратады. <b>«Сөз жина, тез жина» дидактикалық жаттығуы</b> – Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақандарыңды біріктіріп, кесе жасап, дыбыстарды жинап отырыңдар. Дыбыстар қалай айтылды солай жиналуы керек, олардың орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасаңдар, сол сөздің еуреті тақталар</p>	<p><b>Математика негіздері</b> Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең <b>Міндеті:</b> Таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру <b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>менгереді:</b> оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айтуға: кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн; уақытты цифрлар арқылы анықтауды; <b>түсінеді:</b> тәулік мезгілдерінің кезектілігін; <b>қолданады:</b> болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты кеше, бүгін, ертең сөздерін қолдануды. Балалардан тәулік мезгілдеріне Жұмбақ жасыру. Балалар</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> Сөйлем <b>Міндеті:</b> Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратын, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> сөйлемді дұрыс құрайды. <b>Түсінеді:</b> қарама-қарсы сөздерді, сөйлем негізін білдіретінін түсінеді. <b>Қолданады:</b> берілген буындарды қолданып сөз құрайды. – Балалар, біз дыбыстардан сөз құралатынын білеміз. Әтеш, әкеншек – бұлар сөздер, сөйлем болу үшін бір аяқталған ойды білдіру қажет. Бір сөзден сөйлем құралмайды. Ендеше, осы сөздерден сөйлем құрап</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> Сөйлем сызбасы <b>Міндеті:</b> Сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Жасайды:</b> сөйлем сызбасын анықтайды, сызады. <b>Түсінеді:</b> сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құралатынын түсінеді. <b>Қолданады:</b> сөйлем құрады <b>Сызбамен жұмыс</b> Сөйлемдегі сөздерді тіктөртбұрыштармен белгілейміз. Әр сөздің арасына арақашықтық қалдырамыз. Сөйлемнің сызбасының басындағы тіктөртбұрыштың бірінші сызығы биігірек болады. Педагог тақтаға сызып көрсетеді. Сөйлемде қанша сөз болса, сонша тіктөртбұрыштың арасына бірдей арақашықтық</p>	<p><b>Математика негіздері</b> Апта күндері <b>Міндеті:</b> Апта күндерін рет-ретімен атауға үйрету. Сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру <b>Күтілетін нәтижелер:</b> <b>менгереді:</b> апта күндерінің атаулары мен кезектілігін айтуға; <b>түсінеді:</b> оқиғалар уақытының кезектілігін (алдымен, одан кейін, бұрын, кейінірек); <b>қолданады:</b> апта күндерін рет-ретімен және шапшаңдықпен айта алады. <b>Апта күндері</b> Дүйсеңбіде, доп ойнадық алаңда. Сейсенбіде серуен құрлық далада, Сәрсенбіде еурет сандық сәндігің. Бейсенбіде би биледің</p>



					басқаша атауға болады: кеше өтіп кеткен күн, бүгін болып жатқан күн, ертең келе жатқан күн. Мысалы, бүгін аптаның сәрсенбі күні, кеше сейсенбі болды, ертең бейсенбі болады
--	--	--	--	--	---

**«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу**

Сюжетті-рөлді ойын:  
**Тақырыбы: «Экологтар. Бағбандар»**  
**Мақсаты:** Қолайлы жағдай жасау, әлеуметтік шабыттарын мадақтау, ойын сюжетіне байланысты шағын топтарға бөлу, тіл этикетін дамыту. Экологтар жұмысының ізгі бағыттағы жұмыстары және оның табиғатты қорғаудағы, әлеуметтік мәні туралы түсініктерін кеңейту.  
**Жағдаят:** Объектіны таңдау, Картамен жұмыс, бак орнататын жерді таңдау  
 Экологиялық паспорттарды қарау; Экологиялық жағдайларды зерттеу  
 Айыппұл толету; Экологиялық жағдаяттарды түзету жұмыстары; Суретке түсіру, суретке түсірудің бұзылуы, суретшімен кездесу, өсімдіктерді бейнелеу.




**Табиғат - біздің ортақ үйіміз, сақтау оны міндетіміз!**



**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p>Сөйлеуді дамыту          Менің Отаным  <b>Міндеті:</b> Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  <b>Жасайды:</b> сөйлем түрлерін ажыратып, тыныс белгілерін қояды, суретке қарап әңгіме құрайды, олең жолдарынан сөйлем түрлерін табады;  <b>Түсінеді:</b> <i>оңір, жесу</i> сөздерінің мағынасын;  <b>Қолданады:</b> қысқ мезгіліне байланысты ойын түрлерін Менің Отаным          Әйнегі – күн.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>          Туған күн  <b>Міндеті:</b> -Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру  <b>Күтілетін нәтиже</b>  <b>Жасайды:</b> Туған күні қай жыл мезгілінде екенін біледі;  <b>Түсінеді:</b> 12 айдың атауларын жатқа айта алады  <b>Қолданады:</b> Атауын айтты, әріптерді толықтырды, таңдау жасады</p>	<p><b>Математика негіздері</b>          Таңертең, күндіз, кеш, түн.          Кеше, бүгін, ертең  <b>Міндеті:</b> Тәуліктің бөліктерін (таңертең, күндіз, кеш, түн) таңу, атауды, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау  <b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>менгереді:</b> оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айтулы: кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн; уақытты циферблат арқылы анықтауды;  <b>түсінеді:</b> тәулік мезгілдерінің кезектілігін;</p>	<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>          Балабақша мамандары  <b>Міндеті:</b> Балалардың балабақша қызметкерлері туралы, олардың жұмысының маңыздылығы туралы білімдерін кеңейту  <b>Күтілетін нәтиже:</b>          • балабақша қызметкерлері туралы әңгімелейды, саялар арқылы интербелсенді талқандап тапсырмаларды орындайды/<b>жасайды;</b>          • Балабақша мамандары балалар үшін жұмыс жасайтынын түсінеді;</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>          Тәуелсіздік  <b>Міндеті:</b> - Әдеби шығармалары қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту. Тілдік ойлау қабілетін дамыту.          Туған жерін сүюге, қадірлеуге тәрбиелеу  <b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>Жасайды:</b> олеңге қызығушылық танығады;  <b>Түсінеді:</b> олең мазмұнын түсінеді;  <b>Қолданады:</b> өз ойын айтады, басқалардың</p>
--	---	--	--	---	---

	<p>Шатыры – аспан, Кең далам асқақ, Төсі толған егін, Көлдері күміс шашқан. Қазақстан Республикам менің!</p>	<p>12 ай жазылған гүлдің жапырақтары, жылдың төрт мезгілі жазылған үлкен плакаттар және жаз, күз, қыс, көктем суреттері. балалардың 3*4 кішкентай шығарылған фотосуреттері. - Балалар, сіздердің туған күндеріңіз жылдың қай мезгілінде? - Жылдың неше мезгілі бар? Жаз, күз, қыс, көктем. - 1 жылда неше ай бар? Кім біледі? (егер балалар білмесе ұмытып қалса, еске түсіру және айлардың атауын айтқызу.) - Қантар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қараша, желтоқсан. -Қане, балалар бәріміз 12 ай жазылған жапырақтарды қай гүлдің жыл мезгіліне жатады? - Үлестірмелі кеспе қағаздарын 12 айды 4 мезгіл жазылған гүлдерге балалар бір-бірден шығып іріктейді, жабыстырады. - Балалар, сіздерге өз фотосуреттеріңізді таратып бердім. Қане, кім өз туған күнін қай мезгілде оның ішінде қай 12 айда туғанын көрсету үшін әрқайсымыз фотосуретімізді жабыстырайық. 12 ай жазылған жапырақтарға ілейік. Кеттік, ендеше!</p>	<p>қолданады: болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты кеше, бүгін, ертең сөздерін қолдануды. Үлестірме материалмен жұмыс (№18 парақ). Педагог «Тәулік бөліктері» карточка жиынтығын таратады және карточкаларды тапсырма бойынша тандап алуды ұсынады. Педагог: «түн» дейді, балалар тиісті суретті көрсетеді. Соңында балалар карточкаларды реттеп, өз жүйесін сақтап орналастырады: таңертең – күндіз – кеш – түн. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Бұл қай мезгілде болады? Тәулік бөліктерін көрсететін суретпен баланың осы уақыттағы іс-әрекетін сызып қос. Педагог тәулік бөліктерін атауды сұрайды. Бала тәуліктің суреттерді таңдау арқылы айтып береді, сызып қосады. 2-тапсырма. Суреттен күндізгі, кешкі және түнгі мезгілдерді тап. Жұбымен сызып қос. Күндіз бен түнгі мезгілді боя. Педагог суретті қарап, суреттер арқылы таңертең, түстен кейін және кешке не болғанын рет-ретімен байланыстырып, сызуды ұсынады. Күндіз бен түн мезгілдерін бояйды</p>	<p>• Балабақша мамандарының қайсысы қандай жұмыспен айналысатыны туралы білімдерін күнделікті өмірде қолданады. – Мамандық – адамның негізгі кәсібі, оның еңбек қызметі, табыс көзі. Кез келген ересек адамда мамандық болады. Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтаға аударып, балабақшаның суретін көрсетеді және бір мамандық иесі туралы әңгімені тыңдауды ұсынады. «Мен балаларды қаншадай жақсы көремін. Күнде балабақшаға келген кезде, бүлдіршіндер алдымнан шығып амандасқанда, жүрегім елжіреп сала береді. Олар қуанса, бірге қуанып, қоңілдерін көтеру үшін, ойпатып, әп салдырып, әр баланың жан дүниесін ұғынуға тырысамын...» Әңгімеде кім туралы айтылған? –Тәрбиеші апай. –Біз қазір балабақшаға серуенге аттанамыз. Ол үшін зырылдауықты айналдырамыз, зырылдауық тілі қай санды көрсетеді, сол сан интербелсенді тақтадан ашылады, біз серуенімізді жалғастырамыз. Ал топта кім жұмыс істейді? – Біздің топта тәрбиеші ... апай, тәрбиеші көмекшісі ... апай бар. «Күн тәртібін ретімен орналастыр» ойыны.</p>	<p>пікірін тыңдайды – Қазақстан Республикасының бас қаласын ата. – Еліміздің қандай рәміздерін білетесіңдер? – Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай. Еліміздің мақтаны алатын мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы, Гимні бар. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз. – Біз бүгін ақын Иран-Гайыптың «Тәуелсіздік» атты өлеңімен танысамыз. Өлең – айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог «Тәуелсіздік» өлеңін мәнерлеп оқу Сөздік жұмысы: тәуелсіздік – еркіндік, теңдік, егемендік Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Өлең қалай аталады? Авторы кім? Өлеңде не туралы айтылған? – Еліміздің қандай рәміздері бар? «Тәуелсіздік» деген сөзді қалай түсінесің?</p>
--	--	---	---	--	--



Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» «Кішкентай» күйі  
 Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы танып, тани білуге ынтасын дамыту.




3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>                  Арнайы қоліктер. Жүк және жолаушы қоліктері  <b>Міндеті:</b> Қолік түрлерімен таныстыруды жалғастырып, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b>                  • қолік түрлерін ажыратуға, олардың атқаратын қызметі туралы әңгімелеуге арналған тапсырмаларды орындайды/жасайды;                  • өрт сөндіргіш машина, жедел жәрдем, құтқарушы машиналардың арнайы қолік түріне жататынын; қолік түрлерінің қажеттілігін түсінеді;                  • қоліктердің қызмет сапасы туралы</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>                  Жантөре мен аққон  <b>Міндеті:</b> - Әңгімені жалғастырып айтуға жетелеу. Сөздік қорын байыту.                  Қоршаған ортаны сүйе білуге тәрбиелеу  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  <b>Жасайды:</b> Әңгімені жалғастырып айтуды  <b>Түсінеді:</b> Сөздік қоры байды  <b>Қолданады:</b> Қоршаған ортаны сүйеді  <b>Педагог жұмбақ жасыраты. Ой ақ. Ой қорқақ. Ол не? (Қоян)</b>                  – Балалар, қыс мезгілінде қоянның түсі қардың түсі сияқты ақ болады. Бүгін біз осы ақ қоян туралы Бағдат Мәжітовтың «Жантөре мен</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>                  Менің Отаным  <b>Міндеті:</b> - Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  <b>Жасайды:</b> сөйлем түрлерін ажыратып, тыныс белгілерін қояды, суретке қарап әңгіме құрайды, оған жолдарынан сөйлем түрлерін табады;  <b>Түсінеді:</b> өңір, желу сөздерінің мағынасын;  <b>Қолданады:</b> қыс мезгіліне байланысты ойын түрлерін</p> <p>Сөйлемдердің үш түрі болады. Біріншісі – хабарлы сөйлем. Бір нәрсені хабарлап айтады. Сөйлем соңынан нүкте</p>	<p><b>Музыка</b>                  Қысқы орманда  <b>Міндеті:</b> Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту  <b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>Жасайды:</b> дауыспен дұрыс келтіріп әндерді орындайды.  <b>Түсінеді:</b> әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру.  <b>Қолданады:</b> пластикалық, мәнерлі қимылдарды би кезінде орындайды  <b>Музыка тыңдау:</b> «Желтоқсан» (П. Чайковский)                  Ән айту;</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b>                  Қолғап  <b>Міндеті:</b> - Қазақ халқының ұлттық киімдері мен ою-өрнектері туралы білімдерін кеңейту                  - Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндеу                  - Жансырудың түрлі әдістері (симметриялы, сынарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық кию, ою, флюористика элементтерін және т.б.) қолдану                  - Қағаз цилиндрлерден (тақия, сәукеле, қимешек және т.б.) және қолғап құрастыру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>
--	---	---	--	--	--

	<p>алған білімдерін күнделікті өмірде қолданады.</p> <p>Неде пөмір болады? Неде доңгелек болады? Қай затта жолды көрсететін шамы (фары) болады? – Мәшиненің. Интербелсенді тақтадан слайдтар көрсетіледі. – Мынау қандай мәшине? – Өртсөндіргіш мәшине. – Ол не істейді? – Өрт сөндіреді. – Мынау қандай мәшине? – Жедел жәрдем мәшинесі. – Ол қандай қызмет көрсетеді? – Жедел жәрдем дәрігері ауырған адамдарға көмек көрсетеді. – Мына мәшине қалай аталады? Қандай қызмет көрсетуге арналған? – Құтқарушылар көлігі, төтенше жағдайларға тап болған адамдарды апагтан құтқарады. («ЧС» мәшинесі). – «Арнайы көліктер» деп арнайы жабдықты қажет ететін, арнайы функцияларды орындауға арналған құралдары бар мәшинелерді атайды. Оларды адамдарға нұгыл көмек көрсету үшін қолданады. Арнайы көліктер – арнайы дабыл құрылғыларымен (сирена, арнайы құралдар) жабдықталған көліктер. Оған мыналар кіреді: полиция, өрт сөндіру, жедел жәрдем мәшинелері. Бұл мәшинелер арнайы жабдықталған.</p>	<p><b>ақ қоян» деген қызықты әңгімесімен танысамыз. Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшадан қараныз). Сөздік жұмысы: қап, бәлем – бір нәрсеге қатты өкінгенде айтылатын сөз Сұрақ-жауап: – Әңгіме қалай аталады? Жантөре қардан не жасағысы келді? – Жантөре досы екеуі нені көрді? Жантөре досына не айтты? – Қардың арасынан ақ қоянды көргенде Жантөре не деді? – Қоянды не үшін жібере салды? Тіл ұстарту жаттығуы: Ян-ян – балалардан қашты қоян. Ян-ян-ян – жүгірін жүр ақ қоян</b></p>	<p>қойылады. Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан Дидактикалық ойын: «Қажетті тыныс белгілерін қой».</p> <p>Ойын шарты: Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою</p>	<p>«Шырша әні» (К. Қуатбаев) «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) Музыкалық-ырғақтық кимылдар: «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» бий («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Айналмалы доңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағы) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» к.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)</p>	
<p align="center"><b>Қауіпсіздік сабағы : «ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларды үйдегі қауіпті заттарды тануға және жазатайым оқиғалар мен улануды болдырмау үшін дұрыс әрекет етуге үйрету.</p>					


Үйде қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы туралы түсінік беру. Үйдегі қауіпті заттар туралы әңгіме: **Дәрі-дәрмектер:** Дәрі-дәрмектерді тек ересектердің нұсқауымен қабылдау керек екенін түсіндіру. Дәрілерді ешқашан өздігінен алмау және тіпті олар кәмпітке ұқсаса дәлелін көрмеу. **Тұрмыстық химия:** Жуу құралдары, агартқыштар, тазалау құралдары және басқа тұрмыстық химикалтар өте қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Ешқашан тұрмыстық химияны ересек адамдарсыз ашып, қолданбау. **Газ баллондары:** Газ баллондары (мысалы, аэрозольдер) дұрыс қолданылмаса, қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Баллондармен ойнамау және оларды әсіресе жабық орындарда қашпау. **Сюжеттік-рольдік ойындар:** Балаларды топтарға бөліп, қуыршақтар немесе ойыншықтар тарату. Жағдайларды сахналау: бала дәрілерді, тұрмыстық химияны немесе газ баллонын тауып алады. Әр жағдайдағы тәртіп, қауіпсіздік ережесін талқылау.


**Пайдалы сілтемелер:**  
<https://youtu.be/topPwzQFQIE?si=3xsiXpAbNDb8zRp>  
<https://orken-instituty.kz/ru/telefon-y-goryachih-linij>



#### 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Дене тәрбиесі</b>          Спорт түрлері  <b>Міндеті:</b> - Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру  <b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>Жасайды:</b> гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеу. Қысқа секіртпемен секіру. Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты қайтадан қағып алу.  <b>Түсінеді:</b> кинестикалық (қору мен тыңдау арқылы қабылдауы) қабілеттерін және қозғалыс анализаторларын дамыту, қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру керектігін, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, алымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру керектігін.  <b>Қолданады:</b> отбасы мүшелерімен бірге салауатты өмір салтын.  <b>«Допты еденге соқ». Топтарға</b></p>	<p><b>Музыка</b>          Егеменді елім  <b>Міндеті:</b> Ән айту дағдыларын қалыптастыру  <b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>Жасайды:</b> ырғақты, мәнерлі қимылдарды, әндерді орындайды.  <b>Түсінеді:</b> әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.  <b>Қолданады:</b> үйренген би қимылдарын әуенге ілесе отырып қолданады.  <b>Музыка тыңдау:</b>          «Алатау» (Н. Тілендиев, ұлтаспадан)          Ән айту:          «Қазақтың жері» (Б. Түлелбекова)          «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова)          Музыкалық-ырғақтық қимылдар:          «Айна» орыс х.ә. (өңдеген М.</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>          Ойна, ойна, доптан айырылып қалма  <b>Міндеті:</b> - Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу  <b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>Жасайды:</b> гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеу. Қысқа секіртпемен секіру. Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты қайтадан қағып алу.  <b>Түсінеді:</b> кинестикалық (қору мен тыңдау арқылы қабылдауы) қабілеттерін және қозғалыс анализаторларын дамыту, қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру керектігін, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, алымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру керектігін.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>          Қарлығаш  <b>Міндеті:</b> Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.          -Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән қ, ұ, і дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру  <b>Күтілетін нәтиже</b>  <b>Жасайды:</b> Атауын айтып, буынына бөліп, әріптерді толықтырды  <b>Түсінеді:</b> Қарлығаштың құйрығы неге айыр, ертегіні тыңдап, түсіңді  <b>Қолданады:</b> Дыбыстары белгіледі:           Қазақта егер үйдің төбесіне қарлығаш ұя салса, бұл отбасы бақыт пен берекеге кенеледі деген ырым бар. Ата-</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>          Менің достарымның ойыны  <b>Міндеті:</b> - Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).  <b>Күтілетін нәтижелер:</b>  <b>Жасайды:</b> гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеу.          Қысқа секіртпемен секіру. Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты қайтадан қағып алу.  <b>Түсінеді:</b> кинестикалық (қору мен тыңдау арқылы қабылдауы) қабілеттерін және қозғалыс анализаторларын дамыту, қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру керектігін,</p>
--	--	---	--	---	---

	<p>бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға карама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, карама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет</p>	<p>Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» бні («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Шаңырақ» ойыны</p>	<p><b>Қолданады:</b> отбасы мүшелерімен бірге салауатты өмір салтын «Допты еденге соқ». Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға карама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, карама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет</p>	<p>бабамыздың айтуынша, қарлығаштың ұясын бұзу үлкен сәтсіздікке душар етеді дейді. Бұл құстың бүкіл өмірі ауада өтеді. Басқа құстардан ерекшелігі, аспанда ұшып келе жатып тамақтана алады, кейбірі ұйықтауға да қабілетті келеді. Олар шыбын-шіркеймен масамен және де басқа әртүрлі жәндіктермен қоректенеді. Қарлығаш – мейірімді және бейбітшіл құс. Оның ұясына басқа құс кіріп кетсе, оған шабуыл жасамай, өзге ұяға көшіп кетеді. Ұясын тұрғын үйлердің шатырына сала береді, адамдардан қорықпайды. Ұяны балшықтан және өз сілекейінен жасайды. Бұл құстарды әлемнің кез келген жерінен кезіктіруге болады. Қыста жылы жаққа ұшып кетіп, көктемде оралады. Ұшып келген соң ұя салуға, балапан басуға кіріседі. Балапандары күніне 300 рет тамақтанады. Алғашқы үш аптасында анасы балапандарына қамқор болып, жемдіктерді аулауды үйретеді. Қарлығаш табиғи ортада бес жыл өмір сүреді. <b>Тапсырма. «Көленкесін тап».</b> - Қарлығаш құсын көріп тұрмыз ба? - Кім тапты?</p> 	<p><b>қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру керектігін.</b> <b>Қолданады: отбасы мүшелерімен бірге салауатты өмір салтын «Қазан» – 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанға заттарды (асықтарды) лақтыру.</b> Б.к.: аяқты нық денгейінен алшақ қою: оң аяқты артқа жіберіп, оң қолды шынтақтан жартылай бүгіп, кеуде тұсында ұстап тұру. Асықты лақтырар алдында алдымен қолды төмен түсіріп, сонан соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп, сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шенберге тұрады. «Қазан» ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады</p>
--	--	--	--	--	--

Серуенге дайындык	Киймдерди пертiлiктi сактап дурьс кийуге уйрети.	Киймдерди пертiлiктi сактап дурьс кийуге уйрети.	Киймдерди пертiлiктi сактап дурьс кийуге уйрети.		Киймдерди пертiлiктi сактап дурьс кийуге уйрети.
-------------------	--	--	--	---	--

<p>Серуен</p>	<p>Аспанды бақылау Максаты:табиғаттың әлемілігін сезініп, «аспан» сөзімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, тілдерін дамыту. Тәрбиеші балалардың назарын аспанға аударады. Аспанның түсі ашық, көгілдір екендігін, онда ақ бұлттар, қалқиды. Олардың пішіндері әр түрлі болады, бұлттарды жел қозғайды. Жұмбақ: Бір түкті кілем Бір түксіз кілем (жер, аспан) <b>Жеке жұмыс</b> Мақал – мәтелдер: Қарға қарқылдаса, қысты шақырады. Қаз қаңқылдаса, жазды шақырады. Тақпақ «Аспанда» Аспан бұлтқа толып кетті. Бұлттар түлік болып кетті. Бір бұлт шықты бие болып Бір бұлт шықты түйе болып Қозғалмалы ойын. «Үшты-үшты» Максаты: заттарды ажыратуға, аттарын есте ұстауға шапшаңдыққа зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. <b>Еңбек әрекет:</b> Жолдарды қардан тазарту. <b>Еркін ойындар:</b>балалардың қалауы бойынша</p>	<p>Желді бақылау Максаты:балаларды табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету. Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғанын бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау. ағаш бұтақтарының қозғалысын бақылау. Жұмбақ: Қанаты жоқ-ұшады Аяғы жоқ-қашады. (Жел) <b>Жеке жұмыс</b> Тақпақ: Жел тынымсыз гүлдеп Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал, терек. Жапырағын жұлығып. Қозғалмалы ойын: «Жел мен бұлттар» <b>Еңбек:</b> өсімдіктерді қошеттерді қармен жабу. Максаты: өсімдікке деген қамқорлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу <b>Еркін ойындар:</b>балалардың қалауы бойынша</p>	<p>Күнді бақылау Максаты: балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін ұғындыру. Байқампаздық, бақылай білу қабілеттерін дамыту. Қыста күн қысқарады, жылуы аз болады, сондықтан қыста күн суық болатындығы туралы түсінік беру. Жұмбақ: Жұрттың бәрі соны сүйелі. Бірақ оған қарағысы келмейді. (Күн) Болжамдар: Түнде ай жарқырап тұрса немесе аспанда жұлдыздар көп болса, ертен күн ашықжылы болады. <b>Жеке жұмыс</b> Тақпақ: Шұғылалы күніміз Бақшамызға барамыз Күнге қарап жайқалып Біз өсіп бармыз. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Түрлі-түсті автомобильдер» <b>Еңбек:</b> бұтақтардың түбін тазарту <b>Еркін ойындар:</b>балалардың қалауы бойынша</p>	<p>Су бетіне қатқан мұзды бақылау Максаты: Судың әр түрлі қасиетімен таныстыру, табиғатта болатын өзгешеліктерді бақылай білуге үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу, сөздік қорларын дамыту. Тәрбиеші балалардың назарын жердегі кішкентай көлшіктерге аударады, бетіне жұқа мөлдір мұз қатып қалған. Кейбір көлшіктерден күзден қалған жапырақтарды байқауға болады. Мұзды аяқ киімдеріңмен жарып көріңдер. (ол жұқа, тез сынады) Егер мұзды лақтырса, олар ұсақ бөліктерге бөлінеді. (мұз қатты). Егер мұзды қолға ұстасақ, ол еріп кетеді. <b>Жеке жұмыс</b> Жұмбақ: Отқа жанбас-суға батпас (мұз) Болжам: егер қыста қар аз және күн суық болса, жаз құрғақ және ыстық болады. Қозғалмалы ойын: «Түлкі мен қаздар» Максаты: ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен ашы». <b>Еңбек:</b> есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу. <b>Еркін ойындар:</b>балалардың қалауы бойынша</p>	<p>Қарды бақылау Максаты: Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету: қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әлемі пішінін таманаландар. <b>Жеке жұмыс</b> Жұмбақ: Жылт-жылт етеді, Ұстасак еріп кетеді. (қар) Болжам: көп қар- көп нан. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян мен ашы». <b>Еңбек:</b> тәжірибе жасаған үстел үстін жинастыру. <b>Еркін ойындар:</b>балалардың қалауы бойынша</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Балалардың киімдерін ретімен шешу өз-өздеріне қызмет ету</p>				

Балалармен жеке жұмыс	Физикалық қасиеттер Ұстамдылықты, байқампаздықты дамыту: "Допты тап", Жүгіру жаттығуы: "Кім ұсталғанын тап", Алтай Айзере Қайратқызы	Қарым-қатынас дағдылары Ойындар мен жаттығулар арқылы сөздік пен грамматикалық сөйлеу жүйесін дамыту: "Қай? Қандай? Қайсысы?", "Еркелетіп ата" Ұлжан Айтбекқызы	Танымдық және зияткерлік дағдылар "Нұсқасы". "Гүл теру" Логикалық ойлауды дамыту. "Колумбиялық жұмыртқа" Басқатырғыштарды шешуге ынталандыру Әлімжан Айым	Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті "Қай жерде жылы?". "Қайсысы ауыр?" Эксперименттік қызметке қатысуға шақыру Қайратұлы Ермұхаммед	Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар "Дос іздеу", "Кенгуру және оның төлі" ойындары арқылы әлеуметтік дағдыларды дамыту Раис Дастан Талғатұлы
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қиын, бейнелеу, дербес және басқалары)*	Қаржылық сауаттылық "Сатып аламын" ойыны Мақсаты: Ақша құны мен айырбас туралы түсінік беру Қажет: Ойыншықтар (дүкен), бағалар (1, 2, 5 теңге), ойын ақшалар Барысы: – Бір бала – сатушы, біреуі – сатып алушы – Тауар таңдап, тиынмен төлейді – Қалған балалар кезекпен ойнайды	«Жаңуарды тамақтандыр» дидактикалық ойыны Мақсаты: сөздерді бөліктерге бөлуге, сөздің әр бөлігін бөлек айтуға үйрету Амангелді	Қаржылық сауаттылық "Дұрыс жұмса!" ойыны Мақсаты: Ақшаны дұрыс пайдалануды үйрету Қажет: Қарталар – азық-түлік, ойыншық, тәтті, кітап Барысы: – Балаларға 10 теңге "беріледі" – Олар сол ақшаға не алатынын таңдауы керек – Тәрбиеші "дұрыс таңдау" жасап, не маңызды екенін түсіндіреді	«Бұл нені білдіреді?» дидактикалық ойын Мақсаты: балаларды сөздерді мағынасына қарай топтастыруға, сөздердің тікелей және бейнелі мағынасын түсінуге үйрету	«Бәрі қалай аяқталды?» ойыны Мақсаты: есте сақтау қабілетін, ақыл-ой қабілетін дамыту; баланың сөздік қорын толықтыру
Балалардың үйге қайтуы	<b>Өнегелі 15 минут</b> <b>Ата анаға кеңес:</b> Оқиға айтып беріңіз – Кешкі уақытта 5 минутқа өзіңіздің бала кезіңізден қысқа адалдық, достық туралы естелік айтып беріңіз. Балаға өмірлік үлгі болады.				

Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар